

**Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының
білім алушылары арасында
«Әлемді тербеткен ана» тақырыбында
республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Әлемді тербеткен ана» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – адамгершілік құндылықтарды, анаға саналы түрде құрмет пен махаббат сезімін қалыптастыруға, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Байқау міндеттері:

- балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін анықтау;
- балалардың жеке шығармашылық дарынын анықтау;
- балалар мен жастардың қиялы мен фантазиясын дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 16 қаңтардан 28 ақпанға дейін [rumcdo- ana @mail.ru](mailto:rumcdo-ana@mail.ru)** электронды поштасына қабылданады.

2016 жылға 28 ақпаннан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс

хаттар **2017 жылғы 6 наурызда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК KСJВKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Әлемді тербеткен ана» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін rumcdo-ana@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 4-7 жас;
- 2) 8-10 жас;
- 3) 11-14 жас;
- 4) 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

- 1) «Ақ мамам...» үздік презентация»;
- 2) «Құттықтау ашық хаты»;
- 3) «Анама хат» Эссе.

11. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

«Ақ мамам...» үздік презентация» номинациясы бойынша байқау жұмысы Microsoft Office PowerPoint (кез келген нұсқасы) форматында орындалуы кажет, (фотосуреттерден, суреттерден, кестелерден) құралған 6 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентация дикторлық мәтін немесе музыкамен сүйемелдене алады.

«Құттықтау ашық хаты» номинациясы бойынша түрлі техникамен салынған, А 5 форматындағы өз қолымен жасалған ашық хаттардың фото суреттері қабылданады. Суреттерді ашық және көп бояулы ететін жабыстырғыштарды, аппликацияларды, пайеткаларды, әшекей тастарды, жылтырақтарды және басқа қолда бар заттарды қолдануға болады.

4) «Анама хат» номинациясы бойынша эссенің көлемі А 4 форматындағы 1 беттен аспауы тиіс, аралық жол – 1,5, шрифті – Times New Roman 14.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

11. Байқау жұмысының бас парағын толтыру реті. Байқау жұмысының бас парағы келесі ақпараттарды қамтуы керек:

- автордың аты-жөні;
- баланың жасы;
- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- байланыс телефоны.

12. Байқау өлшемдері:

- Байқау тақырыбына сәйкес болуы;
- жасына сәйкес болуы;
- сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;
- елестету байлығы және автордың шығармашылық тәсілі;
- байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу.

4. Байқауды қорытындылау

13. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

14. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Әлемді тербеткен ана» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Әлемді тербеткен ана» байқауы → әрі қарай).